

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-2](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-2)
FTAMP: 16.21.51

Э.М. Самекбаева
Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ. Глинка к-сі, 20 А
ORCID: 0000-0003-0137-463X
e-mail: elmira5_66@mail.ru

Қ. ШАЯХМЕТҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ: ЗАМАНАУИ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақала қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, Қазақ Білім академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, КСРО ағарту ісінің үздігі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қинаят Шаяхметұлының зерттеулерін талдауға арналған. Ғалым қазақ тіл білімі, түркітану, жалпы тілтану және тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі салаларындағы іргелі зерттеулері арқылы ғылыми ортада кеңінен танылған. Мақалада ғалымның еңбектері жаңашылдығымен, тұжырымдамалық және әдіснамалық тереңдігімен ерекшеленіп, лингвистика энциклопедиясына елеулі үлес қосқаны атап өтіледі. Бұл зерттеулер сөзжасам және сөзөзгерім (дериватология, морфология) жүйелерінің өзара қатынасында теориялық және қолданбалы лингвистика, әлеуметтік лингвистика, жалпы тіл білімі сияқты мәселелерді қамтиды.

Жұмыстың мақсаты – ғалымның тіл білімінің әртүрлі салаларындағы жетістіктерін негізге ала отырып, әлемдік және отандық тіл білімімен сабақтастығын дәлелдеу және олардың даму үдерісін көрсету.

Мақаланың өзектілігі тілдік құбылыстар мен экстралингвистикалық үдерістерді талдаудағы заманауи пәнаралық тәсілдер тұрғысынан лингвистика саласындағы зерттеу нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау мен жинақтау қажеттілігімен айқындалады. Қ. Шаяхметұлының заманауи тіл ғылымының қалыптасуына зор үлес қосқаны тұжырымдалады. Ол зерттеу аясын қазақ тіл білімінің грамматикалық ілімінен бастап, өзекті тілтаным, этнотаным, сөзтаным тәрізді үдерістерді зерделеуге дейін кеңейтті.

Ғалымның жарияланған еңбектері лингвистика құралдарын жаңа тәсілдермен толықтырып, аталған еңбектер зерттеу нысанының мазмұндық аясын кеңейткендігі жайлы қорытындылауға болады. Мақала соңында Қ. Шаяхметұлының өзіндік ғылыми концепциясын қалыптастырған ерекше тілдік тұлға екені атап көрсетіледі.

Түйін сөздер: сөзжасам, сөзөзгерім, дериватология, морфология, социопрагматика, этнос, лингвосоциум.

Кіріспе

Өзекті лингвистикалық бағыттар мен жаңалықтар әрдайым ғылыми талқылау нысаны ретінде назарға алынады. Аталмыш зерттеудің өзектілігі заманауи лингвистикада антропоцентристік бағыттың күшеюімен және тілдік тұлға мәселесіне ғылыми қызығушылықтың артуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның тілдік тұлғасын кәсіби деңгейде талдаудың маңызды екені айқын. Аталмыш бағыттағы зерттеулер ғылыми дискурс шеңберіндегі зерттеуші тұлғаның тілдік мінез-құлқын, оның концептуалдық жүйесін, терминологиялық қолданысын және өзіндік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл зерттеулер автор тілінің құрылымдық-стильдік қырларын, ұғымдық аппараттың қалыптасу жолдарын және автордың ғылыми ұстанымының тілдік көрінісін кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Осы арқылы белгілі бір зерттеушінің ғылыми бағыттың дамуына қосқан үлесін бағалауға жол ашады.

Бұдан бөлек тілдік тұлға құбылысын талдау тек жеке зерттеушінің ғылыми мұрасымен ғана шектелмей, белгілі бір тарихи кезеңдегі тілтану ғылымының және ғылыми мектептердің қалыптасу заңдылықтарын және олардың өзара сабақтастығын айқындайды.

Осыған орай зерттеуші тұлғаның тілдік болмысын пәнаралық тұрғыдан зерттеу тіл білімі, когнитивтік және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың түйісіндегі өзекті ғылыми мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным тілдік тұлғаны тек тілдік бірліктер жүйесі арқылы ғана емес, сонымен қатар оның танымдық, мәдени және әлеуметтік қырларымен бірлікте зерделеуге мүмкіндік туғызады. Пәнаралық зерттеу шеңберінде ғылыми дискурстың құрылымы, автордың таным кеңістігі, терминологиялық жүйенің

қалыптасуы мен қызметі, сондай-ақ тіл мен ойлау, тіл мен мәдениет, тіл мен қоғам арасындағы өзара байланыстар терең әрі жүйелі түрде талданады. Бұл бағыттағы ізденістер зерттеуші тұлғаның ғылыми дүниетанымын, когнитивтік жүйелерін және коммуникациялық стратегияларын тереңірек ашып, заманауи тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың қалыптасуына ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде Қинаят Шаяхметұлының жарық көрген кітаптары мен оның теориялық және қолданбалы тіл біліміне қатысты мақалалары алынды. Атап айтқанда, филология-контактология, дериватология, морфология, социопрагматлингвистика, сондай-ақ тіл білімі теориясы бағытындағы зерттеулер қамтылды.

Зерттеу барысында қолданылған негізгі әдістерге мыналар жатады:

а) сипаттамалық әдіс арқылы ғалымның ғылыми мұрасындағы тілдік деректер іріктеліп, жүйеленіп, оның авторлық тілінің құрылымдық-стильдік ерекшеліктері, ұғымдық аппараты және ғылыми көзқарастарының мазмұндық қырлары сапалық тұрғыдан талданды; ә) социоллингвистикалық әдіс, ол тілдің әлеуметтік табиғатына қатысты кең ауқымды мәселелерді шешуге бағытталған (Қинаят Шаяхметұлы еңбектеріне социоллингвистикалық жағдайды зерттеу әдістемесін қолдану тән); б) құрылымдық-стильдік талдау әдісі автор тілінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталып, оның сөйлем құрылысы, стильдік қолданысы және терминдерді пайдалану жүйесі кешенді түрде қарастырылады.

Нәтижелер мен талқылау

Біздің пайымдауымызша, алдыңғы буын қалыптастырған ғылыми дәстүрді сабақтастырған көрнекті тұлға Қинаят Шаяхметұлы болашақ ғылымның негізгі қағидаттары мен әдіснамалық ұстанымдарын терең игеріп, оларды өзінің зерттеу қызметінде тиімді түрде жүзеге асырды деуге әбден болады. Ол ғылыми ғұмырын тіл біліміне арнаған білікті маман. Осы тұста Вильгельм фон Гумбольдттың тіл философиясында көрініс тапқан терең ойлар ерекше мазмұнға ие. Ол тілдің табиғатын қатаң ережелер жиынтығы ретінде емес, ішкі заңдылықтар мен даму үрдісі бар тұтас жүйе ретінде зерделеу қажеттігін көрсетеді [1]. Бұл ұстаным тіл білімін формальды бағытпен ғана шектемей, оны көпқырлы ғылыми жүйе ретінде тануға мүмкіндік береді. Аталған теориялық бағыт Қинаят Шаяхметұлының ғылыми мұрасымен де сабақтасып жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Шаяхметұлы еңбектері Гумбольдт негіздеген тілдің жүйелілік, тұтастық және динамикалық даму қағидаларын заманауи ғылыми кеңістікте дамытып, мазмұндық тұрғыда тереңдеткені аңғарылады. Ғалымның «Шартарап» (филология-контактология) монографиясы, «Қазіргі қазақ тілі» (дериватология, морфология) оқулығы, «Орта мектептегі тіл ұстарту жұмыстарының жүйесі», «Оқушылардың жазбаша және ауызша сауаттылығын арттыру жолдары» әдістемелік талдамалары, «Ой мен Сөз және «Іс» (Социопрагматлингвистика) тәрізді жинақтардың жарық көруі көпжылдық ғылыми ізденістердің нәтижесі болумен қатар, тілтану ғылымының теориялық және әдіснамалық дамуына елеулі үлес қосқан маңызды еңбектер ретінде бағанады.

Ғалым еңбектеріндегі айтқан ойларының өзі бірнеше мақаланың өзегі болар еді. Оның бәрін сипаттап жату мүмкін емес. Сондықтан зерттеушінің бұл бағыттағы негізгі ғылыми нәтижелеріне ғана қысқаша тоқталмақпыз. Автордың ғылым жолында алған негізгі бағыты – қазақ тіл білімінің грамматикалық ілім саласы. Соның негізінде 2007 жылы «Талер-Пресс» баспасынан жарық көрген, «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулыққа қосымша баламалық дәрежедегі ғылыми еңбек қазақ тіл біліміндегі іргелі зерттеулердің бірі болып табылады. Аталған еңбекте сөзжасам мен сөзөзгерім жүйелерінің (дериватология мен морфологияның) өзара байланысы түркітану аясында арнайы қарастырылып, сөздік бүтінге лексикологиялық-дериватологиялық тұрғыдан талдау жасалынады. Автор морфология мен сөзжасамның арақатынасын айқындап, олардың шекарасын нақтылайды. Еңбектің жаңашылдығы – аффикстердің бифункциялылығы құбылысын кең ауқымда қарастыруында. Ғалым бұл құбылысты тек дериватология шеңберінде ғана емес, синтаксистік деңгейде де қарастырады. Зерттеуші сөздің бүтіндік және түрленімдік деңгейлеріне тән құрылымдық сипаттарды айқындап, оның лексикологиялық, дериватологиялық, морфологиялық, синтаксистік және

стилистикалық қырларын кешенді түрде негіздеп, құнды теориялық тұжырымдар ұсынды. Әсіресе аффикстердің бифункциялылығы тек дериватология шеңберінде ғана емес, тілдің синтаксистік икемділігін арттыратын ауқымды құбылыс ретінде егжей-тегжейлі зерделенеді.

Қинаят Шаяхметұлы бифункциялылықты аффикстердің екі түрлі қызметті қатар атқару қабілетімен түсіндіреді: яғни сөзжасамдық аффикстердің сөзтүрленімдік қызметке бейімделуі немесе керісінше сөзтүрленімдік аффикстердің сөзжасамдық қызметке қатысуы нәтижесінде олардың қосалқы екінші функцияға ие болуы [2].

Қазақ тілінің дериватологиясы мен морфологиясын дамытуға тың бағыт ұсынған бұл еңбек ғылыми ойды жаңа деңгейге көтерген құнды туынды ретінде бағаланады. Оқулықта қолданылған ғылыми әдебиеттер санының 366-ға, ал көркем әдеби шығармалар тізімінің 132-ге жетуі еңбектің дереккөздік базасының ауқымдылығын, зерттеудің кешенді сипатын және теориялық әрі практикалық аспектілердің үйлесімді ұштасқанын көрсетеді [2]. Бұл көрсеткіштер Қинаят Шаяхметұлы еңбектеріне тән ғылыми аппараттың жүйелілігін, дәлелділігін және көпсалалы негізге сүйенгенін айқын аңғартады. Ғалым өз зерттеулерінде әртүрлі ғылыми бағыттар мен көркем мәтіндерді сабақтастыра қолдану арқылы тілдік құбылыстарды кешенді талдауға мүмкіндік беретін берік теориялық-әдіснамалық негіз қалыптастырды. Тіл – қалыптасқан лингвистикалық парадигмаларды үздіксіз жаңғыртып, қайта қарастыруға мүмкіндік беретін динамикалық құбылыс. Осы жөнінде Т. Виноград былай деп жазады: «Зерттеуші жаңа парадигманы іздеу барысында дәл сол кезеңде қарқынды дамыған өзге ғылымдардың әсерін сезінеді. Саналы не бейсаналы деңгейде қарқынды дамыған ғылыми бағыттың эталоны ретінде танылады, ал оның көзқарастарының көркем-бейнелі ықпалы негізінде қандай мәселелерді көтеруге болатыны және оларға ұсынылатын жауаптардың тиімділігі айқындалады» [3]. Нәтижесінде тіл білімінде жаңа зерттеу бағыттары қалыптасып, әртүрлі ғылыми бағыттардың өзара сабақтастығына жол ашылды. Ғалым тілдік құбылыстарды тарихи, мәдени және әлеуметтік контексте қарастырып, оларды лингвистикалық бағыттармен үндестіреді.

Қинаят Шаяхметұлының өзіндік ой даралығын танытатын бір жай – оның зерттеушілік өрісінің кеңдігі. Автордың филология мен контактология мәселелеріне арналған «Шартарап» ғылыми жинағы 2006 жылы жарияланды. Жинақ «Мандайалды», «Оң жақ», «Сол жақ», «Еңселік» атты төрт тарудан тұрады. «Мандайалды» тарауында Абай Құнанбайұлының ұлттық әдеби тілдің орнығуына қосқан айрықша үлесі мен ұлттың рухани-мәдени даралығын сақтаудағы шешуші рөлі талданады. Бұған қоса Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сынды әр дәуір өкілдерінің шығармашылық ізденістері сараланып, олардың мұрасы Абай дәстүрімен үндесе өрбіп, қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қалағаны дәйектеледі.

Қинаят Шаяхметұлы ғылыми ізденістерімен қатар, кәсіби аудармашылық шеберлігімен де танылды. Ол көптеген драмалық шығармаларды сахна тіліне лайықтап, аударма саласының ілгерілеуіне ықпал етті. Ғалым «Абайдың ақындық шығармаларын орыс тіліне аудару мәселелері» атты мақаласында Абай поэзиясының орыс тілінде жеткізудегі олқылықтарды талдап, аударма сапасына сыни тұрғыдан баға береді. Жинақтың оң жақ қанатындағы тарауында зерттеуші Қ. Насыри, Ғ. Тоқай, Ғ. Ибрагимов, М. Ғафури, М. Жәлил, М. Карим, А. Токомбаев, Ш. Айтматов, Д. Кугультинов сынды көршілес ел өкілдерінің шығармашылық мұрасына талдау жасалса, ал сол жақ қанатында орналасқан тарауда Л. Толстой, Салтыков-Щедрин, М. Горький, Вс. Рождественский, Т. Шевченко, О. Гончар, Гете, Тагор шығармалары жөнінде автордың өзіндік ғылыми тұжырымдары баяндалады.

«Шартарап» жинағының «Еңселік» бөлімінде «Еңлік-Кебек», «Қыз Жібек», «Қан мен тер», «Аршын мал алан» тәрізді шығармалар негізінде қойылған спектакльдерге арналған «Өнердің биік өрінде», «Қызыл Қатран» тәрізді рецензиялық мақалалар топтастырылған. Ғалым театр қойылымдарына кәсіби тұрғыда талдау жүргізіп, басты рөлдерді сомдаған актерлердің орындаушылық шеберлігіне дәлелді баға береді.

«Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы этнолингвистикалық және тарихи көріністер» тақырыбындағы мақалада ұлттық-мәдени бірліктер мен тұрмыс-салтқа қатысты атаулар, әдет-ғұрыптық лексика, жер-су атаулары этнолингвистикалық дереккөз ретінде талданып, олардың семантикалық қабаттары мен тарихи негіздері анықталады. Ғалым тілдік бірліктерді халықтың дүниетанымы, рухани құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибесін бейнелейтін мәдени код ретінде бағалайды. Әрбір атаудың астарында жатқан тарихи жады, ұлттық болмыс пен дәстүр сабақтастығы жан-жақты зерделеніп, олардың қазақ қоғамының мәдени-рухани дамуындағы орны кеңінен талданады. Автор «Қозы Көрпеш – Баян сұлу жырындағы этнолингвотарихи айғақтар» мақаласында этнолингвотарихи деректер, мифологиялық таным мен діни ұғым-түсініктермен қоса, қазақ халқының дүниетанымы мен рухани құндылықтары айқын көрсетіледі. Аталмыш зерттеулер этнолингвистика мен лингвомәдениеттану бағыттарымен ұштаса келіп, қазақ халқының дүниетанымы мен рухани құндылықтарын тіл арқылы танытады.

Қ. Шаяхметұлы тілдің қоғамдық қызметін, оның ұлттық мәдениетпен, әлеуметтік ортамен және қоғам дамуымен өзара байланысын ерекше бағалаған. Бұл көзқарас қазіргі әлеуметтік лингвистиканың негізгі қағидаларымен сабақтасады. Әлеуметтік лингвистикада тіл қоғамдағы әлеуметтік үдерістермен, тілдік жағдаятпен, тілдік саясатпен және тілдік мінез-құлықпен бірлікте қарастырылатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Қ. Шаяхметұлының тілдің қолданыс аясын, қоғамдық қызметін және ұлттық болмыспен байланысын сипаттайтын ғылыми пайымдары бүгінгі әлеуметтік лингвистиканың теориялық ұстанымдарымен үндеседі. Бұл бағыттағы тұжырымдарды Э. Сүлейменова тілдің қоғамдағы қызметін әлеуметтік факторлармен сабақтастықта қарастыру арқылы негіздейді. Ғалымның пікірінше, әлеуметтік лингвистика – тіл мен қоғамның өзара ықпалын, тілдің әлеуметтік қызметін және тілдік жағдаяттың ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы [4].

Ғалым «Қазақ елінің тілі – қазақ тілі», «Ана тілі, Абай тілі, ұлт тілі», «Мұхтар Әуезов және қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік тынысы», «Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы әлеуметтік лингвистика (социоллингвистика) мәселелері», «Ұлттық және мемлекеттік бүтіндіктің кепілі – біртұтас қазақтық лингвосоциум қалыптастыру» тақырыбында жазған мақалаларында қазақ тілінің қоғамдағы орны мен қызметіне талдау жасап, тілдің ұлттық бірегейлік пен рухани тұтастықтың тірегі екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Автор «Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы әлеуметтік лингвистика (социоллингвистика) мәселелері» деген мақаласында жазушы шығармалары арқылы қоғамдағы тілдік жағдайды бейнелі түрде сипаттай отырып, тілдің әлеуметтік қызметі мен ұлттық болмысты айқындаудағы рөлін терең пайымдайды. Ғалымның негізгі тұжырымы қазақ қоғамында ұлттық және мемлекеттік бірлікті сақтау үшін біртұтас қазақтық лингвосоциум қалыптастыру қажет. Бұл идея әлеуметтік лингвистиканың басты қағидаларымен үндес, өйткені тілдің дамуы мен қызметі қоғамның әлеуметтік құрылымымен, тарихи жағдайымен және ұлттық санасымен өзара үндестікте талданады.

Автордың ғылыми-шығармашылық қызметі тек әдебиет пен тіл саласымен шектелмей, қоғамдық қызметпен де сабақтас өрбиді. Бұған «Шартарап» монографиясындағы «Өкімет билік етсін» (1991 ж.) хаты мен «Семей – сенімді қала» (2001 ж.) жазбалары дәлел бола алады. Ғалымның қоғамдық белсенділігі мен қайраткерлік қасиеттері лингвосаяси парадигма тұрғысында ғылым мен қоғам арасындағы көпір рөлін айқындайды.

Автор «Семей – сенімді қала» деген мақаласында адамды тек «экономикалық жануар ретінде қарастырмай, оны өз болмысын сақтаған рухани тұлға ретінде тану керек», – деп өзінің ғылыми-азаматтық ұстанымын білдіреді [5]. Автордың «қазақтың қазақ болуына Ертісте үміт, Семейде сенім бар» деген тұжырымын ұлттық рух пен тілдің тұтастығына деген берік сенімнің көрінісі ретінде бағалауға болады.

Қ. Шаяхметұлының ғылыми мұраларын заманауи тіл білімі мәселелерімен сабақтастыруда олардың әдіснамалық құндылығын жан-жақты ескеру маңызды. Ғалымның қазақ тілін оқытуға қатысты теориялық тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесіндегі коммуникативтік, функционалдық және когнитивтік бағыттардың негізгі қағидаларымен

үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, оның тілдік бірліктерді қолданыс аясында таныту, сөз мағынасын мәтін негізінде меңгерту және тілдік құбылыстарды кешенді талдау жөніндегі ғылыми ұстанымдары бүгінгі мәтінге бағдарланған оқыту, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және құзыреттілікке негізделген білім беру талаптарымен толық сабақтасады. Сонымен қатар ғалымның ғылыми пайым мен практикалық дағдыны ұштастыруға бағытталған әдістемелік көзқарастары қазіргі мәтінмен жұмыс, дискурстық талдау және сыни ойлауды дамыту технологияларын жетілдіруде де өзектілігін сақтап отыр. Сол себепті автордың ғылыми мұрасын қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары тұрғысынан қайта зерделеп, оны оқу үдерісіне тиімді енгізу қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіруге ықпал етеді.

Ғалымның «Ой мен сөз және іс» (социопрагматлингвистика) жинағына енген «Білім беру мен тәрбиелеу үдерісіндегі инновациялық технологиялар және қазақ тілінің пәндік мәртебесі» атты мақаласы заманауи білім беру кеңістігінде бүгінгі күні де өзекті. Зерттеуші Абай Құнанбайұлының «Істің басы – ретін танымақтық» деген әдіснамалық пайымына сүйене келе, ең алдымен, кез келген оқыту әрекетінің мақсатын анықтау қажеттігін алға тартады. Ғалымның пікірінше, оқыту үдерісі ұлттық мүдде мен елдік құндылықтар тұрғысынан жүзеге асуы тиіс және бұл жауапкершілік тек тіл мамандарына ғана емес, барлық пән мұғалімдеріне ортақ. Өйткені барлық ғылым негіздері қазақ тілінде оқытылатындықтан, қазақ тілі бір жағынан оқу пәні болса, екінші жағынан білім берудің негізгі құралы қызметін атқарады. Осы негізде автор «нені оқыту керек», «қалай оқыту керек», «кім оқыту керек» деген өзекті мәселелерге кешенді түрде талдау жасайды [6].

Қ. Шаяхметұлының ғылыми мұраларын заманауи тіл білімі мәселелерімен ұштастыруда олардың әдіснамалық әлеуетін жан-жақты ескеру маңызды. Әсіресе ғалымның әдістемеге қатысты тұжырымдарын қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес қайта пайымдап, оларды оқыту үдерісінде тиімді пайдалану жолдарын нақтылау қажет. Бүгінгі күні ғалым ұсынған теориялық қағидаларды қазақ тілін оқытудың коммуникативтік, функционалдық және когнитивтік бағыттарымен сабақтастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау өзекті мәселе болып табылады. Мәселен, ғалымның сөз мағынасын мәтін негізінде меңгерту, тілдік бірліктердің қызметін қолданыс аясында түсіндіру жөніндегі әдістемелік ұстанымдарын бүгінгі функционалдық сауаттылыққа бағытталған оқыту технологияларымен ұштастыруға болады. Сондай-ақ оның тілдік материалды талдауда ғылыми пайым мен практикалық дағдыны қатар дамытуға негізделген көзқарастары қазіргі мәтінмен жұмыс, дискурстық талдау және сыни ойлауды дамыту әдістерімен сабақтасып жатыр.

Қинаят Шаяхметұлының ғылыми-педагогикалық ұстанымының өзегін білім беру үдерісін гумандандыру және ізгілендіру идеясы құрайды. Бұл қағидалар оның зерттеулерінде тек теориялық деңгейде ғана емес, нақты тілдік-танымдық талдаулар арқылы да айқын көрініс табады. Зерттеуші 2011 жылы жарық көрген «Ой мен сөз және Іс» («Социопрагматлингвистика») атты еңбегінде Абай Құнанбайұлы шығармашылығын ұлттық болмыс пен қоғамдық сана эволюциясымен сабақтастыра зерделеп, ақын тілін қазақ тілінің тарихи-мәдени дамуын айқындайтын темірқазық ретінде таниды. Абай мұрасы тек әдеби құбылыс емес, тілдік және рухани жаңғырудың кешенді моделі ретінде бағаланады. Ғалымның портреттік сипаттағы ғылыми мақалалары ұлттық ғылым кеңістігінде ерекше орынға ие. Аталмыш еңбектер мазмұндық тереңдігімен және танымдық жүйелілігімен ерекшеленіп, белгілі бір ғылыми парадигма аясында тұтас концептуалдық жүйе қалыптастырады. Атап айтқанда, Қайым Мұхамедханов, Ахмеди Ысқақов, Жұмағали Шакенов, Рәбиға Сыздық, Әбдуәли Қайдар сынды көрнекті тұлғалардың ғылыми-педагогикалық қызметі мен тілдік зерттеулері функционалдық және прагматикалық аспектіде жан-жақты талданады.

Әдетте, шығармашылық деп жаңашылдығымен әрі даралығымен ерекшеленетін, автордың айқын тұлғалық болмысын, қалыптан тыс идеялар ұсыну және тосын шешімдер табу қабілетін танытатын адам әрекетінің ерекше бір түрі ретінде түсініледі [7]. Ал қалыптан тыс ойлау үшін ғылымның өзі «стандарттан тыс нәтиже өндіруге»

бағытталғандықтан, адам көптеген қабілеттер мен қасиеттерге ие болуы қажет: мәселені дәл байқай білу, ойлау икемділігі, қабылдаудың тұтастығы, ұғымдарды өзара жақындастыра алу, сондай-ақ алынған нәтижелерді бағалап, жетілдіре білу қабілеті [8]. Шамасы, шығармашылық ойлауға тән осы қасиеттердің көпшілігі автор тілінде көрініс табады. Ғылыми ақиқатты мойындатпай қоймайтын ерекше біліктілік зерттеуші еңбектерінің қай-қайсына болмасын тән сапалық белгі деп танылады. Автордың сөз қолдану бағытындағы ерекшеліктері өзгеше. Қинаят Шаяхметұлының ғылыми стильдегі ешкімге ұқсай бермейтін өзіндік төл қолтаңбасы бар. Ол ғылыми зерттеулерінде авторлық қолданыстарды жүйелі түрде әрі мақсатты қолданады. Мұндай көркемдік тәсілдер ғылыми ойдың мәнін аша түсіп, күрделі тілдік құбылыстарды ұғынықты әрі әсерлі жеткізуге жәрдемдеседі,

Шығармашылық адам даралығының тереңдей дамуына ықпал етеді. Адам дүниені танып-біле отырып, оны өз санасында шығармашылық тұрғыдан бейнелейді, соның нәтижесінде «бейнеленетін болмыстың ерекшеліктері бейнелеушінің табиғатына сай түрленген қалыпта көрініс табады» [9]. Көрнекті ғалым Г.В. Колшанский стильдік даралықты тілдік құралдар негізінде түзілетін терең мазмұнмен байланыстырады, бұл ретте автор шығармашылық тұлға ретінде танылады [10].

Шаяхметұлының тілдік дискурсын талдау барысында тілдік бірліктердің қолданыс ерекшеліктері, олардың мәтін түзудегі қызметі мен коммуникативтік әлеуеті Р. Сыздық пен

Н. Уәлидің ғылыми тұжырымдары негізінде қарастырылды.

Р. Сыздықтың пікірінше, сөздің мәтін ішіндегі қызметі мен қолданыс ерекшелігі автордың танымын, тілдік шеберлігін және коммуникативтік мақсатын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады [11]. Осы орайда автордың ғылыми пайымдаулары мен күрделі мазмұнды көркем-бейнелі сипатта жеткізудегі тілдік шеберлігі айқын көрінеді.

Бұған зерттеушінің «жер ананың толғағы қысқандай, манардай жарқырау, ғашықтық хабаршысындай, телегей теңіздің тоғыз қабат толқынындай, атылған жаңартаудың жалынындай, сақаға қорғасын күйғандай, жемтік жағалаған бұралқы иттей, кілегей қара бұлғтай, кемерінен асқан дариядай, тордағы тотыдай, жарқын жүзді жастығын тапқандай, серттей» тәрізді ұтымды теңеулерді сәтті қолданғаны дәлел бола алады. Ал «Ой мен Сөз және Іс» (социопрагматлингвистика) атты зерттеуінде зерттеуші тілдік-стилистикалық құралдарды, әсіресе эпитеттерді көркемдік міндетке сай қолданады. Автор зерттеу еңбектерінде ғылыми ойды нақтылау және мазмұнын айқындау мақсатында *«аңсарлы арман», «аңсарлы келешек», «асыл арман», «зор мұрат», «мұқалмас жігер», «қалтқысыз адал көңіл»* тәрізді қолданыстарды сәтті ұсынады.

Ғылыми мәтіндегі ойдың экспрессивтік әрі прагматикалық әсерін күшейту үшін автор *«жандәрмен жөңкіліс», «еміренген көңіл», «бұлқынған жүрек», «тағдырлық сыбаға», «шырайлы шындық», «өнікті пікір», «тұлғалық сыбаға», «эпигондық көлеңке»* (өзгенің ықпалынан шыға алмау мағынасында), *«тотальдық мұрат»* (жан-жақты қамтылған түпкі идеал), *«деркүмән көңіл»* (тұрақсыз психологиялық күй), *«эпос эволюциясының сәулесі», «рухани нұрлы шоғыр», «үмітті ұмтылыс», «сенімді серпіліс», «эстетикалық мүкістік», «шалқар ұрпақ», «утилитарлық баға», «өлеңшіл өлермендік», «жансебіл жазармандық»* тәрізді контекстік әрі авторлық сипаттағы эпитеттерге жүгінген.

Н. Уәлидің тұжырымдауынша, тілдік бірліктердің қолданысы тек олардың тілдік мағынасымен ғана шектелмей, коммуникативтік жағдаятпен, адресанттың мақсаты және ұлттық-мәдени таныммен сабақтастықта қарастырылуы қажет [12].

Ғылыми баяндаудың стильдік өрісін кеңейту үшін, Абай Құнанбайұлы шығармашылығы мен қазақ халқының тарихи тағдырының өзара тығыз, ажырамас байланысын көрсету мақсатында дәстүрлі тілдік қолданыста сирек немесе мүлде кездеспейтін *«рух экологиясы», «көңіл құлазытқан ой мешеулігі», «ескі сөздің қаспағына жаңа сөздің қаймағы», «субъективті көңілдің көбігі», «өмір бақытының дәмі», «нұрлы шоғырдың өкілі», «сырқат сөйлем», «эстетикалық мүкістікке шалдығу», «қайырымды ғалымдықты сыбағалау», «ақиқат болмыстың сәулеленуі», «зұлмат биліктің қанды шеңгелі», «намыс пернесін шымырлата басу», «кемеңгерлік субстанциясы», «шапағатты*

ұяда өткен өмір», «тоқырау кезеңіндегі марғаулықтың құндағы», «қазақ тілі галактикасы», «жазмыш сызығы», «саясат ошағы» тәрізді авторлық метафоралар жұмсалған.

Ал тілдік құбылыстарды талдауды тереңдету және ғылыми ойды дәл әрі әсерлі жеткізу мақсатында автор қолданған ассонансқа негізделген «ойсыраған олқылық», «озық ой», «үлгілі үдеріс», «айрықша алашшыл», «ерен елшіл» қолданыстары мен аллитерацияға негізделген «тағдырдың таңғажайып таңдауы», «күресуші қаламгер қайраты», «қаһарлы күндердегі қаһармандық», «құрып кету қатері», «қажырлы да қарышты қадам», «сергек сананың серпінділігі», «тұрақты тұғырнама», «күңгірттенген күн келмеске кеткен», «тоқмейілденген тоқыраған тоғышарлар», «жүйелі жарғы» тәрізді фонетикалық-стистикалық амалдар мәтіннің мазмұнын айқындап, оның көркемдік-танымдық әлеуетін арттыруға қызмет еткен.

Ғалым өз еңбектерінде мағыналық жағынан өзара жақын синонимдік қатарларды ұтымды қолдану арқылы ойды дәл, толық әрі көркем жеткізуге ұмтылады. Атап айтқанда, «еспе-бөспе», «лепірме-лапырма», «бейімділік-бейілділік», «жұтаң-жадау», «дәрменсіз-оңтайсыз», «ұйғару-топшылау», «толғам-пайымдау», «түйіндеу-тұжырымдау», «демеуіш-жөнеуіш», «мерей-мәртебе», «кілтің-кірбің», «тамұқтық-тозақтық», «зейін-зерде», «күш-қуат» тәрізді синонимдік жұптар белгілі бір ұғымды әр қырынан ашып, мазмұнды нақтылау қызметін атқарады. Бұл қолданыстар автордың тілдік талғамын ғана емес, ғылыми ойды көпқырлы жеткізуге деген ұмтылысын да айқындайды.

Автор стильдік-экспрессивтік мақсатта парцелляция тәсіліне жүгінеді. Сөйлемді интонациялық тұрғыдан әдейі бөлшектеп, жеке фразаларға жіктеу арқылы автор ойдың көркемдік қуатын арттырады. Мәселен, «Абай сөзі – ұлттық және тілдік дамудағы Темірқазық» атты мақаласындағы «Құтып – Темірқазық. Келістіріп айтқан. Артық-кемсіз дәл айтқан» деген құрылымдар авторлық ойдың айқын, нық әрі эмоционалды реңкте берілуін іске асырады.

Зерттеуші оқырманға ақпаратты бейнелі әрі түсінікті жеткізу мақсатында перифраз тәсілін де мақсатқа сай жұмсайды. Мәселен, «Алаш көксілдері» тіркесі арқылы Алаш қозғалысының өкілдерін, яғни Алашорда зиялыларын меңзесе, «шығармашылық дүкені» қолданысы арқылы өнер мен ойдың шоғырланған ортасын бейнелі түрде сипаттайды. Мұндай перифраздар ғылыми мәтіннің мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, оның экспрессивтік әрі танымдық ықпалын арттырады. Ғалымның терминологиялық бірліктерді де ғылыми-талдамалық мақсатқа сай іріктеп, ғылыми-аналитикалық мақсатқа сай жүйелі түрде қолданғанын байқауға болады. Мәселен, «Қазіргі қазақ тілі (дериватология, морфология)» оқулығында «өзара идентификациялау (идентифтендіру)», «синергетикалық бұлқыныс», «жазуды фетиштендіру», «квазиконструкция», «облигаторлық дәреже», «принципті бетбұрыс» тәрізді терминдер белгілі бір тілдік құбылыстарды дәл сипаттауға бағытталып қалыптасқан [2]. Зерттеушінің «Ой мен Сөз және Іс» (социопрагматлингвистика) жинағында «географиялық детерминизм ыңғайы», «конъюнктуралық құйқылжу» типтес ұғымдармен қатар, «дилетанттық шешім», «аномалиялық ауытқу», «тотальды тұтынатын жұрнақ», «оңтайлы өлшем», «социумдық сезім» т.б. аналитикалық тіркестер ғылыми айналымға түскен. Аталған тілдік бірліктер автор тарапынан көркемдік әсер тудыру мақсатында емес, ғылыми пайымдауды нақтылап, ұғымдық аппаратты дәлдеп, талдау тереңдігін арттыру мақсатында қолданылады. Осы арқылы автор ғылыми дискурста терминжасам мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, зерттеу нысанын жан-жақты сипаттауға ұмтылады [6].

Бұдан біз автордың ғылыми терминология саласында да салиқалы қызмет етіп, баянды жұмыс тындырғанын байқаймыз. Зерттеу еңбектерінде авторлық сөзжасам фактілері де кездеседі. Атап айтқанда, *туындыгер*, *ұлыстық сана*, *этнозерде*, *елжады* терминдерін ұсынып, «қазіргі қазақ тілі (дериватология, морфология)» оқулығында *аккумулятивтік* қызмет дегеннің орнына *дәнекерлестіргіш*, *нәрлендіргіш* сөздерін қолданса, ал «Ой мен Сөз және Іс» (Социопрагматлингвистика) жинағында «сөзді әсемдеп, көркемдеп қолдану» дегеннің орнына «сөзәспет» деген жаңа терминді (неологизм) жұмсаған. Тағы осы еңбекте «нөлдену» – жаңа сөз (неологизм) кездеседі, «нөл» сөзіне «-ден+у» жұрнағы жалғанып, жаңа

мағына жасалған; ол көбіне қазіргі тілдік қолданыста (математика, техника, ауызекі сөйлеуде бірнәрсені нөлге айналдыру, бастапқы күйіне келтіру «нөлге түсу», «жойылу») т.б. пайда болған. Автор белгілі бір көзқарасты дұрыс әрі ұғынықты жеткізу үшін ғылыми мәтінде сентенцияларды орынды әрі уәжді келтіреді. Атап айтқанда, *«Жер тілі өз тілінде, жер иесі тілінде сөйлесін. Біздің елдік негізімізді сақтауға құштарлық – қазақ тіліне құштарлық. Жас ұрпаққа тілек – осы. «Бар қазақ – бір қазақ» болуына қоса, «барша қазақстандық та – сол қазақ» болуға тиіс. Мемлекеттік тілді игеру – күллі қазақстандыққа міндетті, облигаторлы мәселе. Лингвосоциум тұтастығы – ел бүтіндігі. Өзінің тегін сақтап, дербестік рухын таныту – қай этностың аңсарлы арманы.* Берілген тұжырымдамаларда тіл – тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар этностық болмысты, тарихи жақты және рухани тұтастықты айқындайтын негізгі фактор ретінде қарастырылады.

В.Ф. Гумбольдт, Э. Сепир және тағы басқа ғалымдар тілдің қуатты рухани күштің көрінісі ретіндегі қызметі халық мәдениетін айқындайтынын атап өткен: «тіл жалпы мәдениеттің дамуының міндетті алғышарты болып табылады. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, яғни халықтың өмір салтын сипаттайтын әлеуметтік тұрғыдан мұраға берілетін тәжірибелік дағдылар мен идеялар жиынтығынан бөлек қарастырылмайды...» [13]. Демек, Вильгельм фон Гумбольдт негіздеген тіл мен халық мәдениетінің өзара сабақтастығы туралы ғылыми қағида Қинаят Шаяхметұлының зерттеулерінде де жалғасын тауып, ұлттық тілдің табиғатын мәдени-танымдық тұрғыдан пайымдауға негіз болады. Автор тілдің тек коммуникация құралы ғана емес, ұлттың рухани болмысы мен мәдени тәжірибесін бейнелейтін күрделі жүйе екендігін дәйектейді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның зерттеулерінде тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы, тілдік құбылыстардың әлеуметтік және танымдық негіздері кешенді түрде қарастырылып, тілдің ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысы терең пайымдалады.

Қорытынды

Қинаят Шаяхметұлы еңбектерінің басты ерекшелігі – тіл біліміндегі әртүрлі ғылыми дәстүрлерді олардың тарихи дамуы мен өзара сабақтастығы аясында тұтас жүйе ретінде қарастыруында. Бұған қоса, ғалым нақты ғылыми мектептер шеңберінде қалыптасқан тіл зерттеу әдістерінің ішінен ғылыми құндылығы жоғары, нәтижелі тәсілдерді анықтаудағы шеберлігімен дараланады. Ғалым еңбектерінде кездесетін тілдің дыбыстық, сөздік, сөзжасамдық, сөзөзгерімдік, сөзтіркесімділік, сөзталғамдық жүйелерін жан-жақты игерген, тілдік құрылыстың ішкі және сыртқы даму заңдылықтарын байыптылықпен меңгерген, тегі жағынан туыстас, құрылымы жағынан әлпеттес тілдердің тарихи және қазіргілік салыстырмалы негіздеріне қаныққан, әдебиеттік, ұлттық, жазбашалық, ауызшалық қасиеттері арқылы толысып, сан алуан күйде қызмет етуші тілдік құбылыстарды саралай алатын, тәжірибеде сауаттылық өлшемдерін мінсіз ұстанатын маман – біліктіліктің нақтылы талаптары мен міндеттеріне лайық маман, – деген пікірі ғалымның өзіне арналғандай. Қинаят Шаяхметұлы ғылымда үлкен, іргелі істердің басы-қасында болып, қазақ тілінің тарланы атанып, жанашыры да бола білді.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. фон. Об изучении языков, или план систематической энциклопедии всех языков // Язык и философия культуры / пер. с нем. – М.: Прогресс, 1985. – С. 346-349.
2. Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ тілі: (сөзжасам-дериватология, сөзөзгерім-морфология). – Семей-Новосібір: Талер-Пресс, 2007. – 334 б.
3. Winograd T. Language as a Cognitive Process. – Menlo Park; London; Amsterdam; Sydney, 1983. – 608 s.
4. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – 2-бас., өңд. және толықт. – Алматы: Арман-ПВ, 2020. – 400 б.
5. Шаяхметұлы Қ. Шартарап: ғылыми жинақ (филология-контактология). – Семей; Новосібір: Талер-Пресс, 2006. – 350 б.
6. Шаяхметұлы Қ. Ой мен сөз және іс: социопрагматика. – Семей, 2011. – 168 б.

7. Ирина В.Р., Новиков А.А. В мире научной интуиции. – М.: Наука, 1978. – 76 с.
8. Лук А.Н. Психология творчества. – М.: Наука, 1978. – 127 с.
9. Давыдова Г.Л. Творчество и диалектика. – М.: Наука, 1976. – С. 22-101.
10. Колшанский Г.В. Соотношение субъективных и объективных факторов в языке. – М.: Наука, 1975. – 211 с.
11. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 390 б.
12. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007. – 424 б.
13. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человечества. – М.: Наука, 1984. – С. 31-41.

References

1. Gumbol'dt V. fon. Ob izuchenii iazykov, ili plan sistematischeskoi entsiklopedii vsekh iazykov [On the Study of Languages, or a Plan for a Systematic Encyclopedia of All Languages] // Iazyk i filosofiiia kul'tury [Language and Philosophy of Culture] / per. s nem. – М.: Progress, 1985. – P. 346-349. (in Russian)
2. Shaiahetuly Q. Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh Language: Word Formation (Derivatology) and Morphology]. – Semei; Novosibir: Taler-Press, 2007. – 334 p. (in Kazakh)
3. Winograd T. Language as a Cognitive Process. – Menlo Park; London; Amsterdam; Sydney, 1983. – 608 p.
4. Suleimenova E.D., Shaimerdenova N.Zh., Smagulova Zh.S., Akanova D.Kh. Aleumettik lingvistika terminderinin sozdigi [Dictionary of Sociolinguistic Terms]. – 2-bas., ondelgen zhane tolyqtyrylgan. – Almaty: Arman-PV, 2020. – 400 p. (in Kazakh)
5. Shaiahetuly Q. Shartarap: gylymi zhinak (filologiiia-kontaktologiiia) [Shartarap: Scientific Collection (Philology–Contactology)]. – Semei; Novosibir: Taler-Press, 2006. – 350 b. (in Kazakh)
6. Shaiahetuly Q. Oi men soz zhane is: sotsiopragmalingsvistika [Thought, Word and Action: Sociopragmalingsvistics]. – Semei, 2011. – 168 p. (in Kazakh)
7. Irina V.R., Novikov A.A. V mire nauchnoi intuitsii [In the World of Scientific Intuition]. – М.: Nauka, 1978. – 76 p. (in Russian)
8. Luk A.N. Psikhologiiia tvorchestva [Psychology of Creativity]. – М.: Nauka, 1978. – 127 p. (in Russian)
9. Davydova G.L. Tvorchestvo i dialektika [Creativity and Dialectics]. – М.: Nauka, 1976. – P. 22-101. (in Russian)
10. Kolshanskii G.V. Sootnoshenie sub»ektivnykh i ob»ektivnykh faktorov v iazyke [The Correlation of Subjective and Objective Factors in Language]. – М.: Nauka, 1975. – 211 p. (in Russian)
11. Syzdyq R. Soz qudireti [The Power of the Word]. – Almaty: Sanat, 1997. – 390 b. (in Kazakh)
12. Uali N. Qazaq soz madenietinin teoriialyq negizderi [Theoretical Foundations of Kazakh Speech Culture]. – Almaty: Gylym, 2007. – 424 p. (in Kazakh)
13. Gumbol'dt V. O razlichii stroeniia chelovecheskikh iazykov i ego vliianiia na dukhovnoe razvitie chelovechestva [On the Diversity of Human Language Structure and Its Influence on the Spiritual Development of Mankind]. – М.: Nauka, 1984. – P. 31-41. (in Russian)

Э.М. Самекбаева

Шәкәрім университет,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

ORCID: 0000-0003-0137-463X

e-mail: elmira5_66@mail.ru

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ К. ШАЯХМЕТУЛЫ: ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ В СОВРЕМЕННОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Данная научная статья посвящена анализу исследований видного специалиста в области казахского языкознания, члена-корреспондента Казахской академии образования, отличника образования

Республики Казахстан, отличника просвещения СССР, кандидата филологических наук, профессора Кинаята Шаяхметулы. Учёный широко признан в научной среде благодаря своим фундаментальным исследованиям в области казахского языкознания, тюркологии, общего языкознания, а также методики преподавания языка и литературы. В статье отмечается, что труды исследователя отличаются новаторским характером, концептуальной и методологической глубиной, а также внесли значительный вклад в развитие лингвистической науки. Эти исследования охватывают проблемы теоретической и прикладной лингвистики, социолингвистики и общего языкознания в контексте взаимодействия систем словообразования и словоизменения (derivatology, morphology).

Целью работы является, опираясь на достижения учёного в различных областях языкознания, обосновать их преемственность с мировой и отечественной лингвистикой, а также проследить динамику их развития.

Актуальность статьи определяется необходимостью критической оценки и обобщения результатов лингвистических исследований с позиций современных междисциплинарных подходов к анализу языковых и экстралингвистических процессов. Делается вывод о значительном вкладе К. Шаяхметулы в становление современной лингвистической науки. Он расширил сферу научных исследований от грамматического учения казахского языкознания до изучения актуальных процессов языкового познания, этнопознания и словопознания.

В заключении отмечается, что опубликованные труды учёного обогатили лингвистический инструментарий новыми подходами и существенно расширили горизонты научных изысканий. Подчеркивается, что К. Шаяхметулы является уникальной языковой личностью, сформировавшей собственную научную концепцию.

Ключевые слова: словообразование, словоизменение, дериватология, морфология, этнос, социопрагматическая лингвистика, лингвосоциум.

E.M. Samekbayeva
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20A Glinka Street
ORCID: 0000-0003-0137-463X
e-mail: elmira5_66@mail.ru

THE SCIENTIFIC LEGACY OF K. SHAYAKHMETULY: THE ISSUE OF CONTINUITY IN MODERN LINGUISTICS

Abstract. This scientific article is devoted to the analysis of the research of a prominent specialist in Kazakh linguistics, Corresponding member of the Kazakh Academy of Education, Honored Worker of Education of the Republic of Kazakhstan, Distinguished Educator of the USSR, candidate of philological sciences, professor Kinyat Shayakhmetuly. The scholar is widely recognized in the academic community for his fundamental studies in Kazakh linguistics, Turkology, general linguistics, and methods of teaching language and literature. The article emphasizes that the researcher's works are distinguished by their innovative character, conceptual and methodological depth, and have made a significant contribution to the development of linguistic science. These studies address issues of theoretical and applied linguistics, sociolinguistics, and general linguistics within the framework of the interaction of word formation and inflection systems (derivatology and morphology).

The aim of the study is to substantiate the continuity of the scholar's achievements in various fields of linguistics with both global and national linguistic traditions, as well as to trace the dynamics of their development.

The relevance of the article is determined by the need for a critical assessment and synthesis of research results in linguistics from the standpoint of modern interdisciplinary approaches to the analysis of linguistic and extralinguistic processes. It is concluded that K. Shayakhmetuly made a significant contribution to the formation of modern linguistic science. He expanded the scope of research from the grammatical framework of Kazakh linguistics to the study of contemporary processes of linguistic cognition, ethnocognition, and lexical cognition.

In conclusion, it is noted that the scholar's published works have enriched the tools of linguistics with new approaches and significantly broadened the horizons of scientific inquiry. It is emphasized that K. Shayakhmetuly is a distinctive linguistic personality who has developed his own scientific conception.

Keywords: word formation, inflection, derivatology, morphology, sociopragmalinguistics, ethnos, linguistic society.

Автор туралы мәліметтер

Самекбаева Эльмира Мақсұтқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: elmira5_66@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>.

Сведения об авторе

Самекбаева Эльмира Максұтқызы – кандидат филологических наук, доцент, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: elmira5_66@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>.

Information about the author

Elmira Samekbayeva – candidate of philological sciences, associate professor, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: elmira5_66@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>.

Редакцияға енуі 03.05.2026

Өңдеуден кейін түсуі 20.06.2026

Жариялауға қабылданды 29.06.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-3](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-3)

FTAMP: 16.21.51

Г.М. Мамырбек

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28

ORCID: 0000-0002-7399-2122

e-mail: gulfar76@mail.ru

XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РЕСМИ-ІСКЕРИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАРМАҚТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасу үдерісі, оның қоғамдық қызметі мен функционалдық тармақтарының даму ерекшеліктері тарихи-лингвистикалық және лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырылады. Қазақ қоғамындағы саяси-әкімшілік қатынастардың күрделенуі, Ресей империясымен дипломатиялық және әкімшілік байланыстардың кеңеюі, сондай-ақ Орта Азия хандықтарымен жүргізілген ресми қарым-қатынастар нәтижесінде қалыптасқан жазба коммуникация жүйесінің тілдік сипаты талданады. Зерттеудің дереккөзін XVIII-XIX ғасырларға қатысты ресми хаттар, арыз-өтініштер, әкімшілік құжаттар, құқықтық-нормативтік мәтіндер, жарлықтар мен ресми хабарламалар құрайды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы, мәтіндік және лингвостилистикалық талдау әдістері қолданылды.

Талдау нәтижесінде қазақ ресми-іскери тілінің сол кезеңде дербес функционалдық жүйе ретінде қалыптасқаны анықталды. Ресми мәтіндердің басты белгілері ретінде стандарттылық, клишелену, терминдену, құрылымдық тұрақтылық, ақпараттың нақтылығы мен эмоционалдық бейтараптық айқындалды. Ресми хаттар, нормативтік-жарлықтық құжаттар және әкімшілік құжаттар қазақ ресми-іскери тілінің негізгі функционалдық тармақтары ретінде жүйеленді. Сонымен қатар араб-парсы және орыс тілдерінен енген лексикалық бірліктердің ресми стильдің қалыптасуы мен терминологиялық жүйесінің дамуына ықпалы сараланды. Зерттеу нәтижелері қазақ әдеби тілінің тарихын, тарихи стилистика мен функционалдық стильдер жүйесін зерделеуде маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мақала қазақ ресми-іскери дискурсының тарихи негіздерін айқындауға және оның қазіргі ресми тілмен сабақтастығын анықтауға бағытталған.

Тірек сөздер: ресми-іскери стиль, функционалдық стиль, қазақ әдеби тілі тарихы, ресми құжаттар тілі, тарихи стилистика, әкімшілік құжаттар, ресми хаттар.

Кіріспе

Тіл қоғамдық қатынастардың барлық саласында қызмет ететін әмбебап коммуникативтік құрал ретінде әр кезеңнің әлеуметтік, саяси және мәдени сұраныстарына сәйкес дамып отырады. Қоғамдық институттардың күрделенуі мен басқару жүйесінің жетілуі тілдің жаңа функционалдық салаларының қалыптасуына ықпал етеді. Осындай салалардың бірі – ресми-іскери стиль. Бұл стиль мемлекеттік басқару, құқықтық қатынастар, дипломатиялық байланыстар және әкімшілік қызмет аясындағы коммуникацияны жүзеге асыратын маңызды тілдік жүйе.